

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ, еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 50 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 3 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4171. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 129 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

**Ескерту. Қаулының атауы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 186 Қаулысымен.**

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ, еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу ережесі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 186 Қаулысымен.**

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Каримуллин А.А.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу  
ш а р л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Қ.М. Досмұқаметовке жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Қ а р ж ы  
н а р ы ғ ы н ж әне қ а р ж ы ұ й ы м д а р ы н  
р е т т е у м е н қ а д а ғ а л а у а г е н т т і г і  
Б а с қ а р м а с ы н ы ң  
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 5 а қ п а н д а ғ ы  
N 50 қаулысымен бекітілген

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ, еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу ережесі**

**Ескерту. Ереженің атауы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 186 Қаулысымен.**

Осы Ереже "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге рұқсат беру, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу тәртібін көздейді.

**Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 186 Қаулысымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдар Заңның 48-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда еншілес ұйымды құруға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесін немесе акцияларын иеленуге құқылы.

2. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банктің еншілес ұйым құруына немесе ие болуына, сондай-ақ ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуына берілген және одан кері қайтарып алынған рұқсаттардың тізілімін осы Ереженің 1 және 2-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша жүргізеді.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 186 Қаулысымен.**

3. Жарғылық капиталға қомақты қатысуға рұқсат сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына дауыс беруші акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) жиырма және одан астам процентіне заңды тұлғаның тікелей және жанама дербес иеленген немесе бірнеше тұлғаларымен тікелей және жанама бірлесіп иеленген жағдайда, не заңды тұлға акцияларының жиырма не одан астам процентімен дауыс беру мүмкіндігі болған жағдайда беріледі.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлғаның акцияларын (қатысу үлестерін) жанама иелену заңды тұлғаның акционері (қатысушысы) болып табылатын заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесіне немесе жиырма және одан астам проценті мөлшерінде акцияларына иелену арқылы айқындалады.

## **2-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге рұқсат беру, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру тәртібі**

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының резиденті Заңның 32-бабы 3-тармағында көрсетілген шарттарды сақтаған кезде еншілес ұйымды құрады және иеленеді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындар мөлшері әрбір екі жылда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы меншікті капиталының он проценттен аспауы тиіс.

6. Еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге рұқсат алу үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға Заңның 32-бабы 4-тармағында көрсетілген құжаттарды еркін нысанда жазылған өтінішті қоса береді.

Еншілес ұйымының басшы қызметкерлері туралы ақпарат осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес беріледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйым соңғы аяқталған қаржы жылындағы жүргізілген, аудиторлық ұйым растаған аудиторлық ұйымның есебін және иелінетін еншілес ұйымның қаржылық есебін ұсынады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасы резиденттері - банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымды, жинақтаушы зейнетақы қорды - еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге рұқсат алу үшін өтініш берген жағдайда, Заңның 32-бабының 4-тармағының 1), 3), 4), 8), 9) тармақшасында көрсетілген құжаттар уәкілетті органға ұсынылмайды.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 76 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6-1. Егер өтініш берушінің құратын не ие болатын еншілес ұйымы банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, ашық жинақтаушы зейнетақы қоры болып табылған жағдайда, өтініш беруші еншілес ұйымын құруға не иеленуге берген өтінішпен бір уақытта қаржы ұйымының (банк холдингінің) ірі қатысушысы мәртебесін алуға қажетті құжаттарды қосып, қаржы ұйымының (банк холдингінің) ірі қатысушысы мәртебесін алуға өтінішін ұсынуы қажет.

**Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.01.25. N 5 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

7. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат алу үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға Заңның 32-бабы 4 тармағы 2), 3), 5)-8)-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды еркін нысанда жазылған өтінішті қоса береді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйым қомақты қатысатын заңды тұлғалардың басшы қызметкерлері туралы ақпарат осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес беріледі.

Қазақстан Республикасы резиденттері - банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның, жинақтаушы зейнетақы қордың жарғылық капиталында қомақты қатысуға рұқсат алу үшін Заңның 32-бабының 4-тармағының 3), 8), тармақшасында көрсетілген құжаттар уәкілетті органға ұсынылмайды.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 76 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

8. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына өтініш бергеннен кейін үш айдан кешіктірмей еншілес ұйымды құруға иеленуге, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат береді немесе рұқсат беруден бас тартады.

9. Уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына еншілес ұйымды құруға иеленуге, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беруден бас тартуы Заңның 32-бабы 5-тармағында көзделген негізінде жасалады.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына еншілес ұйымды құруға иеленуге, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беруден бас тартқан жағдайда уәкілетті орган өтініш берушіге бас тарту негіздеме туралы жазбаша хабарлайды.

10-1. Еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге уәкілетті органның рұқсатын алмаған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Заңның 32-бабының 8-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзіне байланысты емес себептермен еншілес ұйымына бақылауды иеленсе, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы еншілес ұйымын иеленуге уәкілетті органның рұқсатын алу үшін осы фактіні анықтаған сәттен бастап бір ай мерзімде Заңның 32-бабының 4-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

**Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 186 Қаулысымен.**

10-2. Қомақты қатысуға уәкілетті органның рұқсатын алмаған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Заңның 32-бабының 9-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады.

**Ескерту. 10-2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 186 Қаулысымен.**

**2-1-тарау. Еншілес ұйымын құруға немесе иеленуге, басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу тәртібі**

**Ескерту. 2-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 186 Қаулысымен.**

10-3. Уәкілетті орган еншілес ұйымын құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты Заңның

32-бабының 12-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша кері қайтарып а л а д ы .

10-4. Еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты қайтарған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Заңның 32-бабының 12-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады, және оған тиесілі акцияларды (қатысу үлестерді) иеліктен шығаруды іске асырған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде уәкілетті органға растайтын құжаттарды қоса бере отырып, хабарламаны ұсынады.

Ескерту. 10-4-тармаққа өзгеру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 184 ( мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### **3-тарау. Қорытынды ережелер**

11. Осы Ереженің талаптарын бұзған жағдайда уәкілетті орган сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектеулі ықпал ету шараларын және санкцияларын қолданады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 184 ( мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Осы Ережемен реттелмейтін мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуі тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ, еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу ережесіне

#### **1-қосымша**

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 186 Қаулысымен.



**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге берілген және кері қайтарып алынған рұқсаттарды уәкілетті органның есепке алу тізілімі**

N	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның атауы	Еншілес ұйымның атауы	Еншілес ұйымның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өтуі туралы деректер	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйым құруына және ие болуына берілген рұқсаттың күні және нөмірі	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйым құруына және ие болуына берілген рұқсатты кері қайтарып алу күні және нөмірі	Еншілес ұйымның қызмет түрі
1.						

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ, еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу ережесіне

**2-қосымша**

**Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 186 Қаулысымен.**

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген және кері қайтарып алынған рұқсаттарды уәкілетті органның есепке алу тізілімі**

N	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның атауы	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйым қомақты қатысатын заңды тұлғаның атауы	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйым қомақты қатысатын заңды тұлғаның ретінде мемлекеттік	Заңды тұлғаның жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсаттың күні және нөмірі	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйым қомақты қатысатын заңды

			тіркеуден өтуі туралы деректер		қайтарып алу күні және нөмірі	тұлғаның қызмет түрі
1.						

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ, еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу ережесіне

### 3-қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 186 Қаулысымен.**

#### **Еншілес ұйымның басшы қызметкерлері туралы ақпарат**

1. Аты-жөні \_\_\_\_\_
2. Азаматтығы \_\_\_\_\_
3. Жеке басын растайтын құжаттың деректері \_\_\_\_\_
4. Жұмыс орны (орындары), қызметі (қызметтері) \_\_\_\_\_
5. Жұмыс орнының (орындарының) мекен-жайы, байланыс телефоны \_\_\_\_\_
6. Білімі (біліктілігін арттыру курстарын қоса):

Түскен күні - аяқтаған күні	Оқу орнының атауы	Мамандығы

#### 7. Еңбек қызметі туралы қысқаша түйіндемесі:

Еңбек ету кезеңі	Жұмыс орны	Лауазымы

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталуы туралы мәліметтер:

Күні	Соттың атауы	Соттың тұрған жері	Жазатүрі	Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің бабы	Соттың шешім қабылдаған күні

9. Қаржы қызметімен байланысты құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуы туралы мәліметтер:

--	--	--	--	--	--



Күні	Әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдаған орган	Әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдаған органның тұрған жері	Әкімшілік жазаның түрі	Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің бабы	Шешім қабылданған күн

Осы өтініштегі ақпаратты тексергендігімді және оның дұрыс әрі толық екенін растаймын.

Аты-жөні \_\_\_\_\_  
(баспа әріптермен)

Күні \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ, еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу ережесіне

#### 4-қосымша

**Ескерту. 4-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 186 Қаулысымен.**

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның қомақты қатысуы бар заңды тұлғаның басшы қызметкерлері туралы ақпарат**

1. Аты-жөні \_\_\_\_\_
2. Азаматтығы \_\_\_\_\_
3. Жеке басын растайтын құжаттың деректері \_\_\_\_\_
4. Жұмыс орны (орындары), қызметі (қызметтері) \_\_\_\_\_
5. Жұмыс орнының (орындарының) мекен-жайы, байланыс телефоны \_\_\_\_\_
6. Білімі (біліктілігін арттыру курстарын қоса):

Түскен күні - аяқтаған күні	Оқу орнының атауы	Мамандығы

7. Еңбек қызметі туралы қысқаша түйіндемесі:

Еңбек ету кезеңі	Жұмыс орны	Лауазымы

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталуы туралы мәліметтер:

Күні	Соттың атауы	Соттың тұрған жері	Жаза түрі	Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің бабы	Соттың шешім қабылдаған күні

9. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталуы туралы мәліметтер:

Күні	Әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдаған орган	Әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдаған органның тұрған жері	Әкімшілік жазаның түрі	Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің бабы	Шешім қабылданған күн

Осы өтініштегі ақпаратты тексергендігімді және оның дұрыс әрі толық екенін растаймын.

Аты-жөні, тегі \_\_\_\_\_  
(баспа әріптермен)

Күні \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_